e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде
Редакциялау күні 11.12.2023
Сақтау күні 29.03.2024
Дата редакции 11.12.2023
Дата скачивания 29.03.2024

Атырау облысының мәслихаты

Атырау облыстық мәслихатының 2019 жылғы 21 маусымдағы № 332-VI шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 1 шілдеде № 4433 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облыстық мәслихатының 2023 жылғы 11 желтоқсандағы № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Маслихат Атырауской области

Атырау облыстық мәслихатының 2017 жылғы 23 тамыздағы № 148-VI «Атырау облысындағы көші-қон процестерін реттеудің Қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облыстық мәслихатының 11.12.2023 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына және «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес, VI шақырылған Атырау облыстық мәслихаты кезекті **XXXII** сессиясында **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Атырау облыстық мәслихатының 2017 жылғы 23 тамыздағы № 148-VI «Атырау облысындағы көші – қон процестерін реттеудің Қағидаларын бекіту туралы» шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3942 тіркелген, 2017 жылы 19 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесі өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

Күші жойылған

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код
ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

көрсетілген шешіммен бекітілген Атырау облысындағы көші – қон процестерін реттеудің қағидаларында:

3 тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін қоныс аударушылардың немесе қоныс аударушылар мен олардың отбасы мүшелерінің шекті саны;»

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілген оралмандардың немесе оралмандар мен олардың отбасы мүшелерінің шекті саны.»

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Атырау облыстық мәслихатының заңдылықты сақтау, депутаттық этика және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы А. Абдоловқа жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы **Е. Сапаров**

Мәслихат хатшысы **Ө. Зинуллин**

Күші жойылған